



201__жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__года

№ _____

№ _____

№ исх: 20-8/1866 от: 24.07.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

Құрметті депутаттар!

Сіздердің мемлекеттік және қоғам қайраткері Барлыбек Сырттанұлы туралы депутаттық сауалдарыңызға мынаны хабарлаймыз.

Қоғам қайраткерінің есімін ұлықтау, сондай-ақ әдеби бай мұрасын бүгінгі жас ұрпақ арасында насихаттау мақсатында ағымдағы жылы дөңгелек үстелдер, кітап көрмелерін, конференциялар, театрлық қойылымдар өткізу жоспарланып отыр.

Мәдениет және спорт министрлігі 2018 жылға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қайраткердің еңбектері мен мақалалар жинағын басып шығаруды жоспарлауда.

«Хабар» және «Қазақстан» республикалық телеарналарында Б. Сырттанұлының өмірі мен қызметі туралы «Жарқын бейне», «Келбет», «Таңшолпан», «Журналистік зерттеу», «Бетпе бет», «Көңіл толқыны» және «Жаңа күн» бағдарламаларында сюжеттер шығару жоспарланған.

2017 жылға мемлекеттік тапсырыс шеңберінде деректі фильмдерді шығару тізбесі бекітіліп қойылғанына байланысты, ағымдағы жылы Б. Сырттанұлының өмірі мен қызметі туралы деректі фильм шығару мүмкіндігі жоқ. Бұл ретте, Ақпарат және коммуникациялар министрлігі «Алаш қайраткері Барлыбек Сырттанұлы жолымен...» атты ғылыми-танымдық экспедиция жұмысын ұйымдастыру кезінде кеңінен ақпараттық қолдау көрсетуге дайындық туралы хабарлайды.

Білім және ғылым министрлігі «Барлыбектану» тақырыбын колледждерге «Қазақ әдебиеті» үлгілік оқу бағдарламаларына және жоғары оқу орындарында тиісті пәндердің мазмұнына қосу мәселесін қарауда.

Білім және ғылым министрлігі Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетінің базасында Б. Сырттанұлы атындағы оқу-әдістемелік кабинетін ашу мүмкіндігін қарастыру туралы Ресей Федерациясының Білім және ғылым министрлігіне хат жіберді.

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі мөлшерде жасалып, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПKE АЛЫНАДЫ. Жауап қағаздарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілуі керек. Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВУЕТ. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

24.07.2017 Копия электронного документа.

Атаулы стипендияларды тағайындау мәселесі бойынша қазіргі уақытта Білім және ғылым министрлігі аталған мәселені заңнамалық реттеу жөніндегі тәсілдерді жетілдіріп жатқанын хабарлаймыз.

«Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңның 10-бабына сәйкес Үкімет Республикалық онамастика комиссиясының қорытындысы негізінде мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру туралы шешім қабылдайды.

Мемлекет басшысының 2017 жылғы 28 ақпандағы №17-388-5 қарарына сәйкес барлық билік тармақтарының өкілдеріне адам есімін беру практикасын шектеу тапсырылды.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта Алматы облысында 1 ауылдық округ, 1 елді мекен, 1 мектеп, 2 көше Б. Сырттанұлының есімімен аталады.

Б. Сырттанұлының ескерткішін орнату мақсатында Алматы қаласының әкімдігі Мәдениет және спорт министрлігімен бірлесіп отырып, монументті өнердің жаңа құрылыстарын орнату жөніндегі комиссияның қарауына оны кейінен шығару үшін дайындық жұмыстарын жүргізуде.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев